

**А.Х. Махметова,**  
ҚазГЗУ, заң ғылымының магистрі,  
конституциялық құқық және мемлекеттік басқару  
кафедрасының оқытушысы

**Қазақстан Республикасында  
адам құқықтарының қорғалуы және  
оның шешу жолдары**

Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады.[2] Республиканың азаматы өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып, міндеттер атқарады. Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады. Адам құқығы мен бостандығын белгілеуші заңдарды, Конституцияның 39-бабы 3-тармағында келтірілгендерді қоспағанда, мемлекеттің шынайы әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктеріне қарай, белгіленген тәртіпте заң шығарушы орган өзгерте алады. Қазақстан Республикасы адамның құқықтары мен бостандықтарына Конституцияға сәйкес кепілдік береді. Адамның конституциялық-құқықтық мәртебесі, олардың заң алдында тең бола отырып, бостандықтар мен міндеттердің Қазақстан

Республикасы заңдарымен және басқа да нормативтік құқықтық актілерімен, Конституциямен, белгіленген құқықтардың, барлық кешеніне ие болуын көздейді. Конституциялық Кеңестің қаулысында көрсетілгендей, «адам құқықтары мен бостандықтары заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуын анықтайды» деген ережені, осы құқық пен бостандықтың жүзеге асырылуының жағдайлары мен тәртібін белгілейтін заңды әзірлеген және қабылдаған кезде Конституция жариялаған адам құқығы мен бостандығын негізге алуға тиіс деген мағынада түсіну қажет. Қазақстан Республикасы өзіне адам мен азаматтың құқықтарын тану және оларға кепілдік беру, оларды кез келген қол сұғушылықтан қорғау жөнінде міндетемелер алған. Мемлекеттің адам құқықтары мен бостандықтарын тануы мемлекеттің осы құқықтарды Конституцияда, заңнамада және құқық қолдану процесінде бекіту міндетін білдіреді. Қазақстан Республикасының Конституциясы ұлттық құқықтық жүйеге Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының көптеген ережелерін, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыра алатын, сондай-ақ бұзылған жағдайда, Конституцияны басшылыққа ала отырып, оларды қорғай алатынын білдіреді. Қазақстан Республикасы халықаралық қауымдастық қабылдаған адам құқықтары мен бостандықтарын мойындай отырып, олардың жүзеге асырылуына бір мезгілде кепілдік береді. Республика Президенті адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілі боп танылады [3]. Мемлекет өзіне конституциялық құқықтар мен бостандықтарды қамтамасыз ету кепілдігін ала отырып, оларды жүзеге асырудың заңдық механизмдерін белгілейді, оларға: Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес қабылданатын және оның ережелерін дамытуға бағытталған заң актілері, мемлекеттік, сот және құқықтық қорғау жүйесі, арнайы институттар жатады. Адам құқықтарын мемлекет тарапынан қорғау әркімнің оларды заңмен тыйым салынбаған барлық тәсілдермен қорғау жөніндегі өзіндік әрекеттерін, соның ішінде халықаралық инстанцияларға жолдану мүмкіндігін де естен шығармайды.

Адам құқықтары мен бостандықтарын тану және оларға

кепілдік беру құқықтық мемлекеттің адамның құқықтары мен бостандықтарын ең қымбат қазынасы ретінде маңызын білдіретін ерекше белгісі болып табылады. Адам құқықтары табиғи және ажыратылмас сипатқа ие. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумасынан жазылған, адамның жаратылысына байланысты. Адамның өмірге құқығы, азаптауға, зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға ұшыратылмау құқығы, жеке өмірге қол сұғылмаушылық, жеке және отбасы құпиясына, өзінің ар-намысын және атына кір келтірмеу, наным бостандығы құқығы, сондай-ақ сотта қорғалу, әділ сот билігіне және солармен байланысты аса маңызды процессуалдық құқықтар сияқты адамның негізгі жеке құқықтары абсолютті болып табылады. Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру конституциялық құрылымға қол сұқпауы, яғни мысалы, конституциялық құрылымды күштеп құлатуға және Республиканың аумақтық тұтастығын бұзуға шақыру, еркін сайлауға немесе референдумдарға тыйым салу, Республикалық басқару түрін монархиялыққа, ал зайырлы мемлекетті клерикалдыққа ауыстыруды талап ету, адам құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруға тыйым салу, билікті бөлуді жою жолымен оның негізіне нұқсан келтірмеуі қажет. Қоғамда аса мән берілетін және мемлекет тарапынан құқықпен қорғалатын моральды-этикалық құндылықтарға қарсы бағытталған заңсыз әрекеттер қоғамдық ізгілікке қол сұғушылықты білдіреді. Құқықтарды пайдалануы адамның жауапкершілігімен, бостандықтың мөлшері және шегімен айқындалады. Бұл қағидат Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 29-бабында да: «Әр адамға қатысты өзінің құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру кезінде тек басқалардың құқықтары мен бостандықтарын тиісті түрде мойындауы және құрметтеуді қамтамасыз етумен моральдың, қоғамдық тәртіптің және демократиялық қоғамның жалпы әл-ауқатының әділ талаптарын қанағаттандыру мақсатында заңдармен белгіленген шектеулер ғана қолданылуы тиіс» деп жазылған. Адам және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға,

конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс.[4]

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жыл 30 тамыз (2011 жылғы 2 ақпандағы № 403-IV Қазақстан Республикасы Заңымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) // ЮРИСТ [Электрондық ресурс]: анықтама жүйесі / Ақмола аймақтық жүйесі. - Астана: Юринфо, 2012.

2. «Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 1 -тармағын және 12-бабының 2 тармағын ресми түсіндіру туралы» Конституциялық Кеңестің 1996 жылғы 28 қазандағы № 6/2 Қаулысы // ҚР Конституциялық Кеңесі қаулыларының жиынтығы. Астана, 2012.

3. Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан Республикасының Конституциясы //Ғылыми - құқықтық түсіндірме, екінші басылым, түзетілген және толықтырылған. Алматы: Жеті Жарғы, 2004. - С. 77.

4. Осятинский В. Адам құқықтары концепциясына алғысөз: Құқықтық қорғау ұйымдарына арналған анықтамалық. - Варшава, 1997. - С. 14.